



## Бюджеттік есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 445 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 10 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3338. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы N 495 Бұйрығымен.

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009.11.16 N 495 бұйрығымен.*

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 119-бабына сәйкес

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н**

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттік есепке алуды жүргізу ережесі бекітілсін.
2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігі Қазынашылық комитеті (В.А.Сәтқалиева) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін және заңнамада белгіленген тәртіппен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында оның кейіннен жариялануын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрық 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

Қ а з а қ с т а н    Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы    м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 4    ж ы л ғ ы    1 4    ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
N    4 4 5    б ұ й р ы ғ ы м е н  
бекітілді

### **Бюджеттік есепке алуды жүргізу ережесі**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (бұдан әрі - Бюджет кодексі) сәйкес әзірленді және республикалық және жергілікті бюджеттерді атқаруды бюджеттік есепке алуды жүргізудің тәртібін анықтайды.

Бюджеттік атқару жөніндегі уәкілетті органдар осы Ережеге сәйкес бюджеттік есепке алуды жүргізуді жүзеге асырады.

Бюджеттік есепке алу - бюджеттік операциялар туралы ақшалай түрдегі ақпаратты жинаудың, тіркеудің және қорытындылаудың олардың үздіксіз құжаттық есебін жүргізу арқылы реттелген жүйесі.

Бюджеттік есепке алу қассалық негізде жүзеге асырылатын бюджеттерді

атқаруды бухгалтерлік есепке алу болып табылады, бұл жағдайда операциялар шоттардың жоспарына сәйкес шоттарда қос жазу тәсілімен көрсетіледі.

Бюджеттік есепке алу республикалық және жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақша бақылау шотында бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ақша қаражатын қаржыландырумен және оның қозғалысымен байланысты барлық операцияларды қамтиды және оны атқару барысында бюджеттің жәй-күйін сипаттауды қамтамасыз етеді.

Бюджеттік есепке алу деректері бюджеттің атқарылуы жөнінде есептілік жасаудың негізі болып табылады.

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның басшысы бюджеттік есепке алуды ұйымдастыруға жауап береді. Басшы бюджеттік есепке алуды дұрыс жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасайды және бюджеттік есепке алуға қатысы бар барлық бөлімшелер мен қызметкерлердің құжаттар мен мәліметтерді есепке алу үшін ресімдеу және беру тәртібі бөлігінде бюджеттің атқарылуына байланысты уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімше басшысының талаптарын мінсіз орындауды қамтамасыз етеді.

2. Бюджеттің атқарылуына байланысты уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өз қызметінде Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін және бухгалтерлік есепке алу жөніндегі заңнаманы басшылыққа алады.

3. Бюджеттің атқарылуына байланысты уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы бухгалтерлік есепке алу шоттарында бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын бюджеттің атқарылуы жөніндегі барлық операцияларды бақылауды және оның көрсетілуін, белгіленген мерзімдерде бюджеттердің атқарылуы туралы есептердің жасалуын қамтамасыз етеді.

4. Бюджеттің атқарылуына байланысты уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысына Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына қайшы келетін және қаржылық тәртіпті бұзатын операциялар бойынша құжаттарды орындауға және ресімдеуге тиым салынады.

5. Бюджеттің атқарылуына байланысты уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы есепке алуды жүргізу кезінде бюджеттік есепке алу бойынша тиісті құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері үшін қызметтік міндеттерді белгілейді, осымен әрбір қызметкер өз міндеттерін біліп және оның орындалуына жауап берсін.

## **2. Есепке алудың құжаттары**

6. Бюджеттің атқарылуына байланысты уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің барлық операциялары осы Ережеде

белгіленген құжаттармен ресімделуі тиіс.

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдарда бюджеттің атқарылуымен байланысты есепке алу құжаттары бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның басшысы немесе оның орынбасары және бюджеттің атқарылуына байланысты уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қояды, ал ол болмаған кезде уәкілетті тұлға есепке алуды жүзеге асырады. Осы қолдарсыз құжаттар жарамсыз болып есептеледі және орындауға қабылданбайды. Құжаттарға ондағы қажетті деректемелерді толтырмай қол қоюға тиым салынады.

7. Бастапқы құжаттарға түсетін нысан (барлық деректемелерінің және қолдарының болуы) бойынша болсын, мазмұны (операциялардың дұрыстығы, арифметикалық есептердің дұрыстығы және тағы сол сияқты) бойынша болсын мұқият тексеруге жатады, одан кейін орындауға және есепке алуға қабылданады.

8. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган күн сайын 5-34 "Шоттардағы қалдықтар туралы есеп" нысанын және түсімдер мен шығыстар бойынша есепті нысандарды қалыптастырады.

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті орган күн сайын Қазынашылықтың қызмет көрсететін органынан 5-34 "Шоттардағы қалдықтар туралы есеп" нысанын және түсімдер мен шығыстар бойынша есепті нысандарды алады.

### **3. Бюджеттің атқарылуын есепке алу тіркелімдері**

9. Бюджеттердің атқарылуы жөніндегі операцияларды есепке алу мынадай есепке алу тіркелімдерінде жүргізіледі:

осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес 1-ф-нысан бойынша "Бас-журнал" кітабы;

осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес 2-ф-нысан бойынша берілген рұқсаттарды е с е п к е а л у к і т а б ы ;

осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес 3-ф-нысан бойынша бюджеттік кредит берулерді е с е п к е а л у к і т а б ы ;

осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес мемориалдық ордер.

Алдағы жылға арналған есепке алу тіркелімдері ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанынан кешіктірілмей дайындалуы тиіс.

### **4. Есепке алу тіркелімдеріндегі жазбалар**

10. "Бас-журнал" кітабында бюджеттердің атқарылуының бухгалтерлік есепке алудың қосалқы шоттары бойынша хронологиялық және жүйелік ж а з б а л а р ы бі р і к т і р і л е д і .

Жаңа қаржы жылына арналған кітапты ашу кезінде бірінші бет бойынша өткен жылғы қосалқы шоттар жөнінде қалдықтар сомасы жазылады. Баланс активінің сомалары дебетке, ал пассив сомалары - кітаптың тиісті қосалқы шоттарының кредитіне жазылады.

Жекелеген қосалқы шоттар бойынша жылдың басындағы қалдықтар талдамалы есепке алу тіркелімдерінде жылдың басындағы жазбаларға сәйкес к е л у і т и і с .

"Бас-журнал" кітабына жазбалар мемориалдық ордердің және оны толтыруға негіз болып табылатын, оған қоса берілген құжаттардың негізінде жүргізіледі.

Мемориалдық ордердің жалпы сомасы бірінші "Мемориалдық ордер бойынша сома" бағанына, содан кейін жеке дебет және жеке кредит берудің бір немесе бірнеше қосалқы шоттарының бағандарына жазылады.

Мемориалдық ордерлер есепке алу тіркелімдеріне жазылғанға дейін әрбір ай үшін жеке тізбектік тәртіппен бірінші нөмірден бастап нөмірленеді.

"Бас-журнал" кітабында бір айдағы айналымдардың жалпы қорытындысы есептеледі және барлық қосалқы шоттар бойынша келесі айдың басындағы дебет немесе кредит қалдықтары шығарылады. Бұл ретте барлық қосалқы шоттардың дебеті бойынша бір айдағы айналым сомасы, сондай-ақ келесі айдың басындағы қалдық сомасы барлық қосалқы шоттардың кредиті бойынша айналымның немесе қалдықтардың тиісінше сомасына тең болуы тиіс. Барлық қосалқы шоттар бойынша бір айдағы айналым сомасы дебет ретінде де, сол сияқты кредит ретінде де "Мемориалдық ордер бойынша сома" бағаны бойынша қорытындыға т е ң б о л у ы т и і с .

Балансты жасауға негіз (осы Ережеге 6-қосымша) болып "Бас-журнал" кітабында атап көрсетілген қалдықтар сомасы қызмет етеді.

11. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдар берген рұқсаттарды есепке алу кітабында ай сайын бөле отырып міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары және оған белгіленген тәртіппен енгізілген өзгерістер (3-15-бағандар), сондай-ақ рұқсаттар беру бойынша операциялар (16-28-бағандар) есепке алынады.

Берілген рұқсаттарды есепке алу кітабы Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес жүргізіледі.

12. Бюджет кредиттерін есепке алу кітабында алынған және берілген бюджеттік кредиттер есепке алынады.

Кітаптың әрбір бетінің бірінші бөлігінде оларды өтеу мерзімдері бойынша берілген және алынған бюджет кредиттерінің сомалары жазылады.

Кітаптың тиісті бетінің екінші бөлігінде берілген, алынған сомалар және өтелген бюджеттік кредиттер бойынша операциялар жазылады.

Айдың аяқталуы бойынша берілген айдағы және жылдың басынан бастап өспелі қорытындымен айналым қорытындылары шығарылады.

13. Ағымдағы жылғы есепке алу тіркелімінің жазбаларынан табылған қателерді түзету мынадай тәртіппен жүргізіледі:

мемориалдық ордердің өзгеруін талап етпейтін балансты ұсыну сәтіне дейінгі

осы есепті кезең үшін табылған қате сызылған, жазуларды оқуға мүмкіндік беретіндей етіп, қажет болған жағдайларда, сызылғанның үстіндегі жаңа дұрыс сомаларды және мәтінді жазу арқылы дұрыс емес сомаларды және мәтінді жіңішке сызықпен сызу жолымен түзетіледі. Түзету күнін көрсете отырып әрбір түзету құжатқа қол қойған тұлғалардың қолдарымен расталады;

мемориалдық ордерде кеткен қатенің нәтижесінде балансты табыс ету сәтіне дейін табылған қате жазба оның сипатына байланысты қосымша мемориалдық ордерде түзетіледі. Сондай-ақ балансы беріліп қойған сол есепті кезең үшін есепке алу жазбаларында табылған барлық жазбалардағы қателер түзетіледі.

14. Есепті жылдың аяқталуы бойынша есепке алу тіркелімдерінде балансты жасаудың алдында қосалқы шоттар бойынша айналымдардың қорытындылары саналады және салыстырылады.

Алшақтықтар айқындалған жағдайда балансты жасаудың алдында есепті жылдың тіркеліміне (түзету жазбалары арқылы) түзетулер енгізіледі.

#### **5. Бастапқы құжаттарды, бюджеттердің атқарылуы жөніндегі есепке алу тіркелімдері мен есептерді сақтау**

15. Әрбір есепті ай аяқталған соң барлық мемориалдық ордерлер оған қатысты құжаттармен бірге хронологиялық тәртіпте реттеледі және кітапша жасалады. Құжаттардың саны аз болған жағдайда үш айдағы құжатты бір папка етіп кітапша жасауға болады.

Мұқабаға мыналар жазылады: бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның атауы, папканың (іс қағазының) атауы мен реттік нөмірі, есепті кезең - жылы мен айы, мемориалдық ордерлердің бастапқы және соңғы нөмірлері, іс қағазындағы парақ саны.

16. Бастапқы құжаттардың, есеп тіркелімдерінің, есептер мен баланстардың сақталуына, ресімделуі мен олардың мұрағатқа берілуін бюджеттің атқарылуына байланысты уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы қамтамасыз етеді.

Құжаттар жабылатын шкафтарда бюджеттің атқарылуына байланысты уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесі басшысының жауапкершілігімен қатаң тәртіппен сақталады.

Ағымдағы жылға арналған құжаттар мен тіркелімдер өткен жылғы құжаттардан бөлек жеке сақталуы тиіс.

#### **6. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдарда бухгалтерлік есеп шоттарының жоспары, шоттардың мазмұны және сипаттамасы**

17. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттердің атқарылуы бойынша операцияларды есепке алуы үшін мынадай шоттар-жоспарын қолданады:

Шоттардың нөмірлері	Шоттардың атауы	Қосалқы шоттардың нөмірлері	Қосалқы шоттардың атауы
1	2	3	4
01	Ақшалай қаражат		
		010	Бюджеттік шот
02	Шығыстар		
		020	Бюджеттің шығыстары
04	Түсімдер		
		040	Бюджеттің түсімі
06	Есеп айырысулар		
		061	Жетіспеушіліктер бойынша есеп айырысулар
		062	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) республикалық және жергілікті бюджеттердің уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру жөніндегі есеп айырысулар
		063	Ішкі есеп айырысулар
09	Нәтижелер		
		090	Бюджеттің атқарылу нәтижелері
	Баланстан тысқары шоттар		
		110	Берілген рұқсаттар
		120	Бюджеттік кредиттер
		130	Республикалық бюджетке бюджеттік кредиттер бойынша субъектілердің берешегі
		140	Мемлекеттік сыртқы борыш
		150	Мемлекеттік ішкі борыш
		160	Үкіметтік резерв
		170	Қазақстан Республикасының Үкіметіне

		үкіметаралық бойынша кредиттер	келісімдер берілген
--	--	--------------------------------	---------------------

Бюджеттердің атқарылу операциялары бойынша шоттардың корреспонденциясы осы Ережеге 1-қосымшада келтірілді.

### **7. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі операциялардың есебі**

18. N 01 "Ақшалай қаражаттар" шотының N 010 "Бюджеттік шот" қосалқы шотына Бюджет кодексінің 46, 47, 48, 49-баптарында белгіленген салықтық және басқа да түсімдердің есебінен қалыптастырылатын республикалық және жергілікті бюджеттердің түсімдері есептеледі.

N 010 "Бюджеттік шот" қосалқы шотынан Бюджет кодексінің 50, 51, 52 және 53-баптарында көзделген республикалық және жергілікті бюджеттердің шығыстары жүзеге асырылады.

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдар 5-34 "Шоттардағы қалдықтар туралы есеп" нысанының негізінде қолма-қол ақшаның бақылау шотындағы (бұдан әрі - ҚБШ) кіріс және шығыс қалдықтары мен бір күндегі айналымдарды тексереді. Бұл ретте, айналымдардың дебеті бойынша түсімдер және кассалық шығыстарды қалпына келтіру, кредит бойынша - кассалық шығыстар және түсімдерді қайтарып алу көрсетіледі. Айналымдар түсімдер және шығыстар бойынша есепті нысандардың негізінде тексеріледі.

Түсімдер мен шығыстар бойынша есепті нысандармен бірге 5-34 "Шоттардағы қалдықтар туралы есеп" нысанының алшақтықтарын айқындаған кезде бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган алшақтықтардың туындау және оларды жою себептерін толық анықтағанға дейін Қазынашылық органдарымен жұмыс жүргізеді. Бұл ретте, алшақтықтар сомасы 063 "Ішкі есеп айырысулар" қосалқы шотында есепке алынады.

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар айдың аяқталуы бойынша Қазынашылықтың аумақтық органдарымен түсімдер, кассалық шығыстар және ҚБШ қаражат қалдықтары бойынша салыстыру жүргізеді және есепті күнге салыстыру актісін жасайды.

19. N 02 "Шығыстар" шотының N 020 "Бюджет шығыстары" қосалқы шотында республикалық және жергілікті бюджеттердің кассалық шығыстары есепке алынады.

Жүргізілген кассалық шығыстар сомасының әрбір күніне N 020 "Бюджеттің шығыстары" қосалқы шотының дебеті және N 010 "Бюджеттік шот" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі. Кассалық шығыстарды қалпына келтіру кезінде шығыстар бойынша есепті нысандардың негізінде N 010 "Бюджеттік шот" қосалқы шотының дебеті және N 020 "Бюджеттің шығыстары" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Қаржы жылының аяқталуы бойынша ағымдағы есепке алу шоттарын жасағанға дейін N 020 "Бюджеттің шығыстары" қосалқы шотының дебетіне бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тексерілген есептерінің негізінде бюджеттің барлық шығыстарын есептен шығаруға жазбалар жасалуы тиіс.

20. N 04 "Түсімдер" шотының N 040 "Бюджеттің түсімі" қосалқы шотында ресми трансферттердің түсімін қоса алғанда республикалық және жергілікті бюджеттердің түсімдері, сондай-ақ артық төленген, бюджетке қателесіп немесе дұрыс түспеген сомаларды қайтару есепке алынады.

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдар бюджеттің түсімдері бойынша сондай-ақ бюджеттердің шоттарына есептелген өткен жылғы бюджет ақшаларының қалдықтары көрсетіледі.

Түсімдер N 010 "Бюджеттік шот" қосалқы шотының дебеті және N 040 "Бюджеттің түсімі" қосалқы шотының кредиті бойынша түсімдер жөніндегі есепті нысандардың негізінде көрсетіледі.

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдардың қайтарылған түсімдерінің сомаларына N 040 "Бюджеттің түсімі" қосалқы шотының дебеті бойынша жазба жүргізіледі.

21. N 06 "Есеп айырысулар" шотының N 061 "Жетіспеушіліктер бойынша есеп айырысулар" қосалқы шотында заңнамада белгіленген тәртіппен өтеуге жататын жетіспеушілік, ұрланған ақша қаражатының сомалары есепке алынады.

N 061 "Жетіспеушіліктер бойынша есеп айырысулар" қосалқы шотының дебетіне бюджет шотында айқындалған жетіспеушілік, ұрланған ақша қаражатының сомасы жатады, бұл ретте N 010 "Бюджеттік шот" қосалқы шоты к р е д и т т е л е д і .

N 061 "Жетіспеушіліктер бойынша есеп айырысулар" қосалқы шотының кредитіне келтірілген залалды өтеуге бюджеттік шотқа түскен сомалар жазылады, бұл ретте N 010 "Бюджеттік шот" қосалқы шоты дебеттеледі.

Айқындалған жетіспеушілік, ұрланған ақша қаражатының сомасын бюджет шығысына есептен шығару кезінде N 020 "Бюджет шығыстары" қосалқы шотының дебеті және N 061 "Жетіспеушіліктер бойынша есеп айырысулар" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

22. N 06 "Есеп айырысулар" шотының N 062 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) республикалық және жергілікті бюджеттердің уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру жөніндегі есеп айырысулар" қосалқы шотында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган орналастырған республикалық және жергілікті бюджеттердің уақытша бос бюджет ақшалары есепке алынады.

Салымдарға (депозиттерге) республикалық және жергілікті бюджеттердің



уақытша бос ақша қалдықтарын беру кезінде N 062 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) республикалық және жергілікті бюджеттердің уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру жөніндегі есеп айырысулар" қосалқы шотының дебеті бойынша және N 010 "Бюджеттік шот" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Ақшаны ішінара немесе толық қайтару кезінде N 010 "Бюджеттік шот" қосалқы шотының дебеті бойынша және N 062 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) республикалық және жергілікті бюджеттердің уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру жөніндегі есеп айырысулар" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

23. N 06 "Есеп айырысулар" шотының N 063 "Ішкі есеп айырысулар" қосалқы шотында 5-34 "Шоттардағы қалдықтар туралы есеп" нысаны деректерінің түсімдер мен шығыстар жөніндегі есептілік нысандармен сәйкес емес сомалары е с е п к е а л ы н а д ы .

Түсімдер бойынша есептілік нысандармен алшақтық сомасына N 040 "Бюджеттің түсімі" қосалқы шотының дебеті және N 063 "Ішкі есеп айырысулар" қосалқы шотының кредиті бойынша, ал шығыстар бойынша алшақтық сомаларын көрсете отырып алшақтық туындаудың себептері туралы Қазынашылық органдары берген жазбаша ақпараттың негізінде N 063 "Ішкі есеп айырысулар" қосалқы шотының дебеті және N 020 "Бюджет шығыстары" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Бюджеттердің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдар Қазынашылық органдарынан дұрыс емес немесе артығымен түскен кірістерді қайтаруды ҚБШ арқылы өткізу туралы растауды алған кезде N 063 "Ішкі есеп айырысулар" қосалқы шотының дебеті және N 040 "Бюджеттің түсімі" қосалқы шотының кредиті бойынша, ал кассалық шығыстар бойынша - N 020 "Бюджет шығыстары" қосалқы шотының дебеті және N 063 "Ішкі есеп айырысулар" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

N 063 "Ішкі есеп айырысулар" қосалқы шоты бойынша сальдо шығарылмайды. Бас-журнал кітабында және дебет бойынша осы қосалқы шот жөніндегі баланста шығыстар бойынша алшақтық сомасы, кредит бойынша - түсімдер бойынша алшақтық сомасы көрсетіледі.

24. Қаржы жылының аяқталуы бойынша бюджеттің атқарылуына байланысты уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесі жылдық есепті жасардың алдында барлық баланс шоттары деректерінің растығын тексереді.

25. N 09 "Нәтижелер" шотының N 090 "Бюджеттің атқарылу нәтижелері" қосалқы шоты бюджеттердің атқарылу нәтижелерін анықтау үшін арналған. Қаржы жылының аяқталуы бойынша осы шотта түсімдер мен шығыстар

сомалары көрсетіледі. Нәтижелері жылдың аяғында N 040 "Бюджеттің түсімі" қосалқы шоты бойынша қалдықты N 090 "Бюджеттің атқарылу нәтижелері" қосалқы шотының кредитіне, ал N 020 "Бюджеттің шығыстары" қосалқы шоты бойынша қалдықты N 090 "Бюджеттің атқарылу нәтижелері" қосалқы шотының дебетіне есептен шығару арқылы анықталады.

Бюджет түсімдері мен шығыстарын есептен шығарғаннан кейін N 090 "Бюджеттің атқарылу нәтижелері" қосалқы шотына N 040 "Бюджеттің түсімі" және N 020 "Бюджеттің шығыстары" қосалқы шоттары жабылады.

N 090 "Бюджеттің атқарылу нәтижелері" қосалқы шоты бойынша алынған кредит қалдығы бюджеттің атқарылу нәтижесі болып табылады.

26. Бюджет қаражатының бос қалдықтары N 090 "Бюджеттің атқарылу нәтижелері" қосалқы шотында қалады.

Жоғары тұрған бюджетке алуға жатпайтын жергілікті бюджеттердің бюджет қаражатының бос қалдықтары Бюджет кодексінің 91-бабына сәйкес N 090 "Бюджеттің атқарылу нәтижелері" қосалқы шотында қалады.

27. Баланстан тысқары қосалқы шоттарда есепке алу қос жазба тәсілін сақтамай қарапайым жүйе бойынша жүргізіледі және дебет қалдығы ғана бар.

28. N 110 "Берілген рұқсаттар" баланстан тысқары шотында бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар берген рұқсаттардың сомалары есепке алынады.

29. N 120 "Бюджеттік кредиттер" баланстан тысқары шотында республикалық бюджеттен берілген және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың бюджеттерінен алынған бюджеттік кредиттер, сондай-ақ аудандардың бюджеттеріне (облыстық маңызы бар қаланың) облыстық бюджеттер берген бюджеттік кредиттер есепке алынады.

30. N 130 "Республикалық бюджетке бюджеттік кредиттер бойынша субъектілердің берешегі" баланстан тысқары шотында бұрын берілген кредиттер бойынша республикалық және жергілікті бюджеттер жөніндегі субъектілердің берешегін есепке алу жүргізіледі.

31. N 140 "Мемлекеттік сыртқы борыш" баланстан тысқары шотында бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік ішкі борышын есепке алуды жүргізеді.

32. N 150 "Мемлекеттік ішкі борыш" баланстан тысқары шотында бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік ішкі борыш сомасын есепке алуды жүргізеді.

33. N 160 "Үкіметтік резерв" баланстан тысқары шотында бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган үкіметтік резерв бойынша деректерді есепке алуды жүргізеді.



1. Шығыстар бойынша операциялар				
1	Бюджеттің кассалық шығыстарын есептен шығару	020	010	шығыстар бойынша есепті нысандар
2	Анықталған жетіспеушілік, ұрланған ақша қаражатының сомасын бюджет шығысына есептен шығару	020	061	соттың шешімі
2. Түсімдер бойынша операциялар				
3	Бюджетке түсетін түсімдер	010	040	түсімдер бойынша есепті нысандар
3. Есеп айырысулар бойынша операциялар				
4	Анықталған жетіспеушілік, ұрланған ақша қаражатының сомасы	061	010	тексеру актісі
5	Жетіспеушілік, ұрланған ақша қаражатын өтеу	010	061	төлем құжаты
6	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) республикалық және жергілікті бюджеттердің уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру	062	010	төлеуге шот
7	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) орналастырылған ақшаны ішінара немесе толық қайтару	010	062	төлем құжаты
8	Түсімдер бойынша алшақтықтар сомасын көрсету	040	063	Қазынашылық органдарының түсімдер бойынша алшақтықтың туындау себептері туралы ақпараты
9		063	020	

	Шығыстар алшақтықтар көрсету	бойынша сомасын			Қазынашылық органдары- ның шығыстар бойынша алшақтықтың туындау себептері туралы ақпараты
10	Түсімдер алшақтықтар есептен шығару	бойынша сомасын	063	040	Қазынашылық органдарының дұрыс емес немесе арты- ғымен түскен кірістерді қайтаруды қолма-қол ақшаның ба- қылау шоты арқылы өт- кізуі туралы растауы
11	Шығыстар алшақтықтар есептен шығару	бойынша сомасын	020	063	Қазынашылық органдарының кассалық шығыстардың қолма-қол ақшаны ба- қылау шоты арқылы өт- кізуі туралы растауы
<b>4. Шоттардың жылдық жасасуы бойынша операциялар</b>					
12	"Бюджеттің нәтижелері" есептен шығару	атқарылу шотына			
	а) есепті қаржы жылы үшін түсімдер		040	090	мемориалдық ордер
	б) есепті жылы жүргізілген шығыстарды	кассалық	090	020	мемориалдық ордер

Бюджеттік есепке алуды  
жүргізу ережесіне

2-қосымша

**200\_ жылға арналған**

**бас-журнал кітабы**

А й ы

1 - ф - н ы с а н ы

(теңгемен)



Бюджеттің атқарылуына байланысты уәкілетті органның  
бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің  
басшысы \_\_\_\_\_ қолы

Бюджеттік есепке алуды  
жүргізу ережесіне

3-қосымша

2-ф-нысаны

**200\_\_ жылға арналған  
берілген рұқсаттарды есепке алу кітабы**

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның атауы

\_\_\_\_\_ бюджеттік сыныптаманың коды

(теңгемен)

Күні	Құжат- тың нөмірі	Міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары және олардың өзгерісі						
		оның ішінде айлар бойынша						
		қаң- тар	ақпан	нау- рыз	сәуір	мамыр	мау- сым	шілде
1	2	3	4	5	6	7	8	9

**кестенің жалғасы**

Міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары және олардың өзгерісі					
оның ішінде айлар бойынша					
тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан	Жиыны
10	11	12	13	14	15

Рұқсаттар (110 баланстан тысқары шот)

оның ішінде айлар бойынша

қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз
16	17	18	19	20	21	22	23

**кестенің жалғасы**

Рұқсаттар (110 баланстан тысқары шот)

оның ішінде айлар бойынша

қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан	жиыны

24	25	26	27	28

Бюджеттің атқарылуына байланысты уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_ қолы

Бюджеттік есепке алуды жүргізу ережесіне

4-қосымша

3-ф-нысаны

**Бюджет кредиттерін есепке алу кітабы**

бюджеттің атауы \_\_\_\_\_

Кредит: өтеу мерзімі \_\_\_\_\_ Сомасы \_\_\_\_\_  
(теңгемен)

NN	Күні	мемориалдық ордердің N	Операция-лардың мазмұны	Бюджеттен берілген (өтелген) кредиттер			
				Дебет	Кредит	Қалдығы	
						дебет	кредит

Бюджеттің атқарылуына байланысты уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_ қолы

Бюджеттік есепке алуды жүргізу ережесіне

5-қосымша

**N \_\_\_ мемориалдық ордер**

200 жылғы " " \_\_\_\_\_ үшін жазба

Негіздеме (құжат-тарға сілтеме немесе жазбаның мазмұны)	Қосалқы шоттың дебеті бойынша	Код-тары	Қосалқы шоттың кредиті бойынша	Код-тары	Сомасы

Қосымшасы \_\_\_\_\_ парақ.



Бюджеттің атқарылуына байланысты уәкілетті органның  
 бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің  
 басшысы \_\_\_\_\_ қолы

Бюджеттік есепке алуды  
 жүргізу ережесіне

б-қосымша

\_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бюджеттің атқарылу

балансы

\_\_\_\_\_ атауы

(республика, облыс, қала, аудан)

Кезеңділігі \_\_\_\_\_

Өлшем бірлігі \_\_\_\_\_ теңге

Актив				
Қосалқы шоттың нөмірі	Қосалқы шоттың атауы	жолдың коды	есепті жылдың басындағы	есепті күнге
010	Бюджеттік шот	1		
020	Бюджеттің шығыстары	2		
061	Жетіспеушіліктер бойынша есеп айырысулар	3		
062	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) республикалық және жергілікті бюджеттердің уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру жөніндегі есеп айырысулар	4		
063	Ішкі есеп айырысулар	5		
	Баланс	7		

кестенің жалғасы

Пассив				
Қосалқы шоттың нөмірі	Қосалқы шоттың атауы	жолдың коды	есепті жылдың басындағы	есепті күнге
040	Бюджеттің түсімі	1		
063	Ішкі есеп айырысулар	2		
090	Бюджеттің атқарылу нәтижелері	3		

	Баланс	4		
	Баланстан тысқары шоттар			
110	Берілген рұқсаттар	5		
120	Бюджеттік кредиттер	6		
130	Республикалық және жергілікті бюджеттерге бюджеттік кредиттер бойынша субъектілердің берешегі	7		
140	Мемлекеттік сыртқы борыш	8		
150	Мемлекеттік ішкі борыш	9		
160	Үкіметтік резерв	10		
170	Қазақстан Республикасының Үкіметіне үкіметаралық келісімдер бойынша берілген кредиттер	11		

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның  
басшысы \_\_\_\_\_

Бюджеттің атқарылуына байланысты уәкілетті органның  
бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық  
бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_